**Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 24 желтоқсан N 1349

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына 2002 жылғы 12 қазандағы N 02/104 келісім-шарт бойынша қосымшаға сәйкес номенклатурада және санда Өзбекстан Республикасының Геология және минералдық ресурстар жөніндегі мемлекеттік комитетіне (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы) "Искра" Новосибирск механикалық зауыты" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Ресей Федерациясы, Новосибирск қаласы) беретін жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1349 қаулысына қосымша

**2002 жылғы 12 қазандағы N 02/104 келісім-шарт бойынша Өзбекстан Республикасының Геология және минералдық ресурстар жөніндегі мемлекеттік комитеті үшін (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы) "Искра" Новосибирск механикалық зауыты" (Ресей Федерациясы, Новосибирск**

**қаласы) федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны беретін жарылғыш материалдардың номенклатурасы және саны**

| Р/с N | Жарылғыш материалдың атауы | СЭҚ ТН коды | Өлшем бірлігі | Саны | Бірлік бағасы АҚШ долларымен | Құны АҚШ долларымен |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ДША тұтандырғыш бауы, МЕМСТ 6196-78 | 360300100 | мың дана | 100,0 | 184,0 | 18400,0 |
| 2 | ОШП от өткізгіш бауы, МЕМСТ 6196-78 | 360300100 | мың дана | 500,0 | 120,0 | 60000,0 |
| 3 | ЭЗ-ОШ-М электр жандырғыш, ТУ 84-207-81 | 360300100 | мың дана | 20,0 | 384,0 | 7680,0 |
| | Жиыны: | | | | | 86080,0 |

Жөнелту пункті: Пашино станциясы, Батыс Сібір темір жолы (Ресей Федерациясы).

Баратын пункті: Ташкент тауар станциясы, Өзбекстан темір жолы (Өзбекстан Республикасы).

Шекаралық өту пункттері: Локоть станциясы - Шеңгелді станциясы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК